Біз Сіздің және Сіздің жайлылығыңыздың қамын ойлаймыз, сонымен қатар біздің тұрмыстық техникамызды пайдаланғаннан Сіз алған рахат туралы ойлаймыз, сондықтан оның қызмет ету мерзімін Сіз үшін ұзаққа созуға мүмкіндік беретін күтім жасау бойынша толық ұсыныстарды қоса береміз.

Бұмен жібіткіш пен оның негізгі бөлшектеріне күтім жасау бойынша ұсыныстарды сақтамау оның жұмысының сапасына әсер етуі, және сондай-ақ қызмет етудің мәлімделген мерзімінен немесе кепілдікті кезеңнен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық POLARIS бұмен тігінен жібіткіштің, моделі **PGS 2090VA** техникалық деректерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

ЖИЫНТЫҚТАМА



ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Бүкіл қаптау материалды алып тастаңыз.
- Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Бұмен жібіткіштің корпусын сәл дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіп алыңыз.
- Аспапты алғашқы рет пайдаланар алдында, жұмыс беті жеткілікті таза екендігіне көз жеткізу үшін, ең алдымен матаның сынамалық қиығын булап көріңіз.




Корпустан барлық жапсырмаларды шешіп алыңыз және ылғал матамен сүртіп алыңыз



Алғашқы пайдаланар алдында – сынамалы матаның қиығын үтіктеңіз

БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ



БУМЕН ТІГІНЕН ЖІБІТКІШТІ ҚҰРУ

- Телескопиялық тіректерді тесіктерге дисплей жаққа ілгектермен тірелгенінше орнатыңыз.
- Тіректерді бөлшектеу үшін корпустағы бекіткіш батырмаларды басыңыз және тіректі жоғары қарай тартыңыз.
- Тіректің бекіткіш қапсырмаларын босатыңыз және, әр бөлігін бекітіп, оларды Сізге өажет ұзындыққа біркелкі орнатыңыз.
- Киім ілгішті және тақтаны телескопиялық тірекке орнатыңыз:
 - 3-суретте көрсетілгендей, үтіктеу тақтасын киім ілгішке сыртыл естілгенше кіргізіңіз
 - киім ілгіш ортасындағы шүмек ұстағышы үтіктеу тақтасы орналасқан жазықтықта болуы тиіс (мата беттік жағымен)
 - үтіктеу тақтасының төменгі бөлігіндегі екі жалғастырғыш түтікшені телескопиялық қарнақтың жоғары ұшымен тегістеңіз, кіргізіңіз және ең төменге дейін басыңыз, содан кейін тақтаны бүйір жақтағы бекіткішпен бекітіңіз.
 - Ұстағышқа «үтік» қондырмасын Сізге қажет жайғасымға орнатыңыз
- Үтіктеу тақтасын көлденең, тік және көлбеу жайғасымда (30° немесе 60° бұрышпен) пайдалануға болады.
 - Тақтаны дұрыс күйге келтіру үшін, үтіктеу тақтасының екі жағындағы екі тұтқаны тартып, оларды итеріп, үтіктеу тақтасын Сізге қажетінше бұраңыз, содан кейін тұтқаларды босатыңыз. Бұл тұтқалар үтіктеу тақтасын бекітеді және оны орнында ұстап тұрады.




Ескерту: бу шүмегінің құлауына және корпустың немесе шүмектің бұзылуына жол бермеу үшін бу өткізгішті ұстағышқа ілмеңіз.



1
Тіректі бекіткіш тесігіне тірелгенінше орнатыңыз (ілгектерін дисплей жаққа қаратып)




2
Тіректерді бөлшектеу үшін корпустағы бекіткіш батырмасына басыңыз және тіректі жоғары қарай тартыңыз




3
Тіректің бекіткіш қапсырмаларын босатыңыз және оларды біркелкі орнатыңыз




4
Тақтаны киім ілгішке сыртыл естілгенше кіргізіңіз. Шүмек ұстағышы - үтіктеу тақтамен бір жазықтықта



5
Үтіктеу тақтасын телескопиялық қарнақтарға орнатыңыз. Тақтаны бүйір жағындағы бекіткішпен бекітіңіз



6
Ұстағышқа «үтік» қондырмасын Сізге қажет жайғасымға орнатыңыз



7
Тақтаның көлденең жайғасымы үшін - бүйірлеріндегі тұтқаларынан тартып, оларды жылжытыңыз



8
Үтіктеу тақтасын көлденең, тік, қиғашынан пайдалана аласыз

СУДЫ ТАҢДАУ

Тазартылған немесе алдын ала сүзілген суды пайдалану ұсынылады.

Кермектігі жоғары сүзілмеген суды пайдалану аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартады.



Назар аударыңыз!

Суға ешқандай басқа қоспаларды (мысалы, крахмалды, парфюмерлік сұйықтықтарды) қоспаңыз.

Бүмен жібіткіште жойылмайтын қақтың немесе басқа түзілімдердің артық мөлшерінің пайда болуы өндіруші кепілдігінің әрекет етуіне жатпайды.

РЕЗЕРВУАРДЫ СУҒА ТОЛТЫРУ

Суға арналған резервуарды шешіп алар алдында құрылғы электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.


- Суға арналған резервуарды алып шығу үшін оны тұтқадан ұстаңыз және жоғары қарай тартыңыз.
- Резервуарды төңкеріңіз және қақпағын бұрап алыңыз.
- Суға арналған резервуарға су құйыңыз және қақпағын тығыздап бұраңыз.
- Резервуарды орнына орналастырыңыз



Ескерту: Резервуарды толтырғанда судың рұқсат етілген максималды деңгейінен асырмаңыз.



1 Суға арналған резервуарды алып шығу үшін оны тұтқадан ұстаңыз және жоғары қарай тартыңыз



2 Резервуарды төңкеріңіз және қақпағын бұрап алыңыз




3 Резервуарға су құйыңыз және қақпағын тығыздап бұраңыз



4 Резервуарды орнына қайта орналастырыңыз

КОРПУСТЫҢ БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Бумен жібіту режимдері



ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ

- Құрылғымен жұмыс істегенде бумен жібіткіш табанын еденде орнатуға кедергі жасайтын кез келген заттарды еденнен алып тастау қажет (бумен жібіткіш тегіс көлденең бетте жұмыс істеуі тиіс).
- Қажеттілік болған жағдайда телескопиялық тіректің қалаулы биіктігін бу өткізгіш жұмыс барысында ілмектеп бүгілмейтіндей есеппен реттеңіз.
- Таза киімді киім ілгішке іліп қойыңыз.
- Қуат айырын розеткаға кіргізіңіз –дыбыстық сигнал естіледі.
- Аспап панеліндегі «ON/OFF» іске қосу батырмасын басыңыз – “Зығыр” индикаторы жанады.
- «MODE» батырмасымен киімнің материалы мен қалыңдығына байланысты жұмыстың тиісті режимін таңдаңыз.
- Аспапты іске қосуды және режимдерді басқаруды бүріккіштегі басқарудың тиісті батырмаларының көмегімен де қашықтықтан басқаруға болады.
- Егер бу берілуін реттегішінің ауыстырып-қосқышы максималды белгіде тұратын болса, құрылғы бұды 30 секунд ішінде түзеді.
- Шүмек тесіктерінен бу қарқынды шыққанын күтіңіз.
- Шүмекті тұтқасынан ұстаңыз. Бұл ретте бұды үлестіру тесіктері Сізден қарама-қарсы жаққа бағытталғанын қадағалаңыз.
- Жоғарыдан-төменге / төменнен-жоғарға қарай әрекеттерді тігінен орындай отырып, матаға шүмекті абайлап тигізіп, бумен жібітуді бастаңыз. Бу, бүктелістерді жазып, матаның сыртқы және ішкі бетімен өтетін болады. Алдын ала қолғапты киіп, матаны бос қолыңызбен жазып отырыңыз.

- Бу өткізгіш ылғи тік жайғасымда болатындай бумен жібітіңіз.
- Бұдың шығуы бұғатталмауы үшін бу өткізгіштің 45°-тан астам иілуіне жол бермеңіз.
- Жұмыс кезінде бу өткізгіште “бүлкілдеу” естілуі мүмкін. Бұл дыбыс бу конденсациясының табиғи нәтижесі болып табылады. Егер Сіз бу өткізгіште бүлкілдеуді еститін болсаңыз, бұды босату үшін оны тігінен жоғары қарай сәл көтеріңкіреңіз.



Ескерту: Құрылғының үзіліссіз жұмыс істеуінің уақыты 30 минут құрайды. Резервуарға суды үстеп құю үшін, ON/OFF батырмасын басып, құрылғыны сөндіріңіз және оны желіден ажыратыңыз.

<p>1</p> <p>Таза киімді киім ілгішке іліп қойыңыз. Қуат айырын розеткаға кіргізіңіз</p>	<p>2</p> <p>Іске қосудың Қос./Сөнд. («ON/OFF») батырмасын басыңыз</p>	<p>3</p> <p>Іске қосқаннан кейін аспап панелінде – “Зығыр” индикаторы жанады</p>	<p>4</p> <p>«MODE» - жұмыс режимін материалға байланысты таңдау</p>
<p>5</p> <p>Басқаруды бүріккіштегі батырмалармен жүзеге асыруға болады</p>	<p>6</p> <p>MODE (Режимді таңдау) Қос./Сөнд.</p> <p>Басқарудың батырмалары – MODE (Режимді таңдау) және Қос./Сөнд. батырмасы.</p>	<p>7</p> <p>30 сек.</p> <p>Құрылғы бұды 30 секунд ішінде түзеді</p>	<p>8</p> <p>Қозғалыстар жоғарыдан-төмен-жоғары қарай болады</p>
<p>9</p> <p>Бумен жібіткішті адамдарға бағыттамаңыз</p>	<p>10</p> <p>Жұмыс кезінде бу өткізгіште “бүлкілдеу” естілуі мүмкін</p>	<p>11</p> <p>30 мин.</p> <p>Үзіліссіз жұмыс істеу уақыты ≈ 30 мин.</p>	<p>12</p> <p>ON/OFF батырмасын басып, құрылғыны сөндіріңіз</p>

АКСЕССУАРЛАР

Жағаны, қалталар мен манжеттерді булап жібітуге арналған құрылғы

Егер киімде күрделі жерлері (жаға, қалталар, манжеттер, желбіршектер, түймелер мен сәндік тастар арасындағы мата) бар болса, жай ғана осы жерді жаға мен қалталарды үтіктеуге арналған құралға бір жағымен жайғастырыңыз және екінші жағынан үтікпен жүргізіңіз. Осылайша Сіз мінсіз нәтижеге жете аласыз.



Жылудан қорғайтын қолғап

Киім затын ұстайтын қолыңызға жылудан қорғайтын қолғап киіңіз. Жылудан қорғайтын қолғап бумен жібіткен кезде ұолды қорғайды.






ПАЙДАЛАНУДАН КЕЙІНГІ ҰСЫНЫМДАР

- Бүмен жібіткішпен жұмысты аяқтағаннан кейін оны сөндіріңіз («OFF» жайғасымы) - бұл ретте қуат индикаторы сөнеді, және оны электр қуат желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғымен жұмысты аяқтағаннан кейін бу тұтқасын ұстағышқа іліңіз, осылайша бу өткізгіш тік жайғасымда бекітіледі.
- Бүмен жібіткішті сақтауға әр орналастырар алдында төкпе тесік арқылы суға арналған резервуардан және бойлерден суды ағызу қажет.



Назар аударыңыз! Бүмен жібіткішті резервуар тұтқасынан ұстап тасымалдауға тыйым салынады.



АҒЫЗТАН ТЕСІК ТЫҒЫНЫН ПАЙДАЛАНУ

- Аспап корпусынан суды ағызар алдында қалған суы бар резервуарды шешіп алыңыз және резервуардың құятын тесігі арқылы оны ағызыңыз. Содан кейін тығынды сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз және өзіңізге қарай тартыңыз, Сіз бойлерде қалған бүкіл суды оңай ағыза аласыз.
- Бүкіл атық су ағызылғаннан кейін тығынды тесікке қойыңыз және, кейінгіде бумен жібіту кезінде судың ағып кетуіне жол бермеу үшін, сағат тілі бағытымен тірелгенше бұраңыз.



ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Аспапты бөлшектер және тазалар алдында оны міндетті түрде сөндіріңіз, желіден ажыратыңыз және кем дегенде 5 минут ішінде сууға мүмкіндік беріңіз.
- Құрылғы корпусын, бу құбыршегін және қондырманы жұмсақ ылғал матамен сүрту керек.
- Тазалау үшін органикалық еріткіштерді және қазақ материалдарды пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғыны ең жақсы функционалдық күйде сақтау үшін ондағы қақты үнемі кетіріп отырыңыз. Қақты кетіру бойынша процедуралардың жиілігі пайдаланылатын судың сапасына және құрылғыны пайдалану жиілігіне байланысты. Құрылғыны кем дегенде жылына бір рет немесе пайдаланудың әр 50 сағатынан кейін қақтан тазалауды ұсынамыз.

ҚАҚТАН ТАЗАЛАУ

Құрылғыны қақтан тазалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Бұмен жібіткішті электр қуат желісінен ажыратыңыз және құрылғы толығымен суығанына көз жеткізіңіз. Телескопиялық тіректі жинаңыз.
- Резервуарды шешіп алыңыз, оған таза су құйыңыз және оны қайта корпусқа орнатыңыз. Осылайша, корпустың ішінде орналасқан бойлер судың біраз мөлшерімен толтырылады.
- Резервуарды корпустан шешіп алыңыз және аспаптың түптің бөлігінде орналасқан ағызу тесігі арқылы суды бойлерден шұңғылшаға ағызыңыз. Осылайша, қақ шайылып кетіріледі.
- Қақ толығымен кеткенше 2 және 3 әрекеттерді көп мәрте қайталаңыз.



Ескерту: Дүкендерде бұмен жібіткіштер мен үтіктер үшін қақты кетіруге арналған құралдар Сізге құрылғының әр 50 сағат жұмыс істеуінен кейін қақтан неғұрлым тиімді тазалауды орындауға мүмкіндік береді. Құрал өндірушісінің ұсыныстарын қолданыңыз.



Назар аударыңыз: Қақты кетіру процедурасынан кейін суды ағызу клапанын тығыздап жабуды ұмытпаңыз. Бұл келесі жолы пайдаланғанда судың ағып кетуіне жол бермеуге көмектеседі.

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған. Аспап өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.
- Бұмен жібіткішті маталардың кез келген типтері үшін және киімдегі бүкпелерді жазу үшін арналған. Егер Сіз матаның немесе киімнің белгілі бір типі үшін бұмен жібіткішті пайдалану жөнінде күмәнданатын болсаңыз, бұйымдағы заттаңбаның деректерін басшылыққа алыңыз. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, матаны ішкі жағынан бұмен жібітіп көріңіз.
- Жібек немесе шибарқыт сияқты маталарды бұмен жібіткенде бұмен жібіткішті бұйымнан біраз қашықтықта ұстаңыз.

ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАҒАН БОЛСА

Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

Ақаулық	Ықтимал себептер	Жою тәсілдері
Бу жоқ	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы іске қосылмаған Суға арналған резервуар бос 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы электр қуат желісіне дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Бу берудің ауыстырып-қосқышын (жібек-мақта-зығыр) жайғасымына ауыстырыңыз. Бұл ретте өуат индикаторы жануы қажет. Бу өткізгіші бүгілмегеніне және сынбағанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны сөндіріңіз, оған кем дегенде 5 минут ішінде сууға мүмкіндік беріңіз және резервуарға су құйыңыз.
Будың әлсіз берілуі	<ul style="list-style-type: none"> Мерзімді тазалаудың болмауынан құрылғыда қақ пайда болған Суға арналған резервуар бос 	<ul style="list-style-type: none"> Бумен жібіткішті кем дегенде жылына бір рет немесе пайдаланудың әр 50 сағатынан кейін қақтан тазалаңыз. Егер Сіз кермек суды пайдаланатын болсаңыз, құрылғыны қақтан жиі тазалау қажет. Құрылғыны сөндіріңіз, оған кем дегенде 5 минут ішінде сууға мүмкіндік беріңіз және резервуарға су құйыңыз
Бу щеткасының тесігі арқылы су ағады	<ul style="list-style-type: none"> Бу өткізгіште конденсат жиналып қалған 	<ul style="list-style-type: none"> Бумен жібіткішті көлденең жайғасымда пайдалануға тыйым салынады. Бу өткізгішті тігінен керілген жайғасымда су кері бумен жібіткішке ағып кеткенінше ұстап тұрыңыз
Бумен жібіткіш баяу қызады	<ul style="list-style-type: none"> Мерзімді тазалаудың болмауынан құрылғыда қақ пайда болған 	<ul style="list-style-type: none"> Бумен жібіткішті кем дегенде жылына бір рет немесе пайдаланудың әр 50 сағатынан кейін қақтан тазалаңыз. Егер Сіз пайдаланатын судың құрамында әктас қоспалары бар болса, құрылғыны қақтан жиі тазалау қажет



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Сақтау

- Бүмен жібіткішті сақтауға әр орналастырар алдында төкпе тесік арқылы суға арналған резервуардан және бойлерден суды ағызу қажет.
- Бүмен жібіткішті тік жайғасымда, жазылған бу өткізгішпен құрғақ, салқын үй-жайда сақтаңыз.
- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

Тасымалдау

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескерту: Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

БУМЕН ЖІБІТКІШПЕН

ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Бумен жібіткішті ұшайыр арқылы басқа электр аспаптармен бірге қосуға тыйым салынады.
- Электр тоғымен зақымдануға жол бермеу үшін баусымды, штепсельдік айырды, аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Бумен жібіткішті тазалар алдында немесе резервуарға су құяр немесе одан суды төгер алдында, сонымен қатар Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Желіге қосылған бумен жібіткішті қадағалаусыз қалдырмаңыз. Сіз бумен жібітіп жатқан үй-жайдан шыққаныңызда, тіпті үй-жайды өте қысқа мерзімге шығатын болсаңыз да, бумен жібіткішті желіден ажыратыңыз.
- Балалрды бумен тазартқышқа жақындатпаңыз, өйткені будың теріге түсуі қатты күйік тудыруы мүмкін.
- Күйік алуға жол бермеу үшін бумен жібіткішті қолыңызда бу беру батырмасының деңгейінде ұстаңыз, өйткені бумен жібіткіштің жоғарғы бөлігі жұмыс істеген кезде қызады.
- Будың шығуына арналған тесіктерді жаппаңыз және оларға бөгде заттарды салмаңыз
- **Адам киіп тұрған киімді ешқашан бумен жібітпеңіз.**
- Бумен жібіткішті жұмыс істеп тұрған плитаның немесе электрмен қыздырылатын басқа аспаптардың жанында пайдаланбаңыз.
- Аспапты тігінен тегіс, ылғалға төзімді бетке орнатыңыз, оны көлденеңінең қоймаңыз және төңкермеңіз.
- Тек қана жиынтыққа кіретін қондырмаларды пайдаланыңыз.
- **Аспапты ешқашан сусыз іске қоспаңыз. Құрылғыны су біткеннен кейін бірден сөндіріңіз.**
- Бумен жібіткішті адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге, сонымен қатар жиһазға, электр аспаптарға, кітаптар мен ыстық бумен зақымдануы мүмкін болатын кез келген заттарға бағаттамаңыз.
- Желілік баусымның ыстық заттармен немесе үтік табанымен жанасуына жол бермеңіз.
- Бумен жібіткішті тазалау, сақтау немесе суға арналған резервуарды толтырған кезде электр желісінен ажыратып отырыңыз.
- Ақаулы бумен жібіткіші пайдаланбаңыз. Бұзылған жағдайда жөндеуді жүргізу үшін уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Біліксіз жөндеу жазатайым оқиғаның немесе пайдаланушының зақымдануының себебіне айналуы мүмкін.
- Суға арналған резервуарға газдалған суды және парфюмерлік қоспаларды құймаңыз.



Назар аударыңыз! Аспапты қаптар алдында оған толығымен сууға уақыт беріңіз.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ТЕХНИКАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Аспапты коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Егер сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың немесе желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Бұл құрал физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.



Назар аударыңыз!

Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Құрал суға түскен жағдайда оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл ретте ешбір жағдайда қолыңызды суға салмаңыз. Қайталап пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.

- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (ешқандай жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз). Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Құралға су тиген кезде оны бірден желіден өшіріңіз.
- Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында белгіленгендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспап желіге тек жерге тұйықталу ақылы қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерге тұйықтау орнатылған электротехникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз. Ұзартқышты пайдаланғанда ол жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.

- Пайдалану аяқталғаннан кейін, айлабұйымдарды орнату немесе шешу, тазалау немесе аспап сынған кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз, бұл жазатайым оқиғаларға және аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл үшін дәл сол электрлік розеткаға жалғастырғыш тетікті пайдаланумен басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында ол бұзылмағанына көз жеткізіңіз
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Электрлік тоғынан соққы алмау үшін аспапты желіге қосқанда немесе ажыратқанда желілік сым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Құрылғыға кепілдік әрекетін сақтау үшін және техникалық проблемаларды болдырмау үшін құрылғыны өз бетінше бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.



Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Назар аударыңыз! Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PGS 2090VA – POLARIS сауда маркасының электрлік тұрмыстық бумен тігінен жібіткіші
Кернеуі: 220 – 240В
Жиілігі: ~50 Гц
Қуатылығы: 2000 Вт
Резервуар сыйымдылығы – 1600 мл.
Қорғаныс класы – I.

Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл

Бұйымға берілетін кепілдік мерзім: 1 жыл сатып алған күннен бастап

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Поларис Корпорейшн Лимитед

1801, 18/Ф Блогы, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Қытайда өндірілген.

Импорттаушы: "Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай 13-бөлме.

Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:

«Поларис Инт» ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қ., 2-ші Бауманская к-сі., 7-үй, 5-құр., 26-бөлм

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78.

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Киімге арналған бұмен тік жібіткіші

Моделі: PGS 2090VA

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 12 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
 - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері.
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
 - Авторизацияланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуінен;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз! Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

